



**Автор:** Нуралина Салтанат Жумабековна

**Пән:** Биология

**Сынып:** 9-сынып

**Бөлім:** Адам қызметінің қоршаған ортаға әсері



**Тақырып:** Адамның жыныс жүйесінің құрылымы мен қызметі

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	9.2.1.1 - адамның жыныс жүйесінің құрылысын сипаттау
Сабақтың мақсаты:	1. адамның аталық және аналық жыныс жүйесі мүшелерін сипаттау; 2. ер адамның жыныс бездері мен әйел адамның жыныс бездері қызметін талдау;
Тілдік мақсаттар:	Тақырыпқа қатысты терминологиялық сөздер: жыныс бездері, аталық без, ұма, ұрық өзекшелері, қуықасты безі, сперматозоид, шәует (сперма), аналық без, жатыр, жатыр түтігі, қынап, сары дене, анабездің жетілуі (овуляция) терминдерін үйренеді.
Құндылықтарды дарыту:	«Мәңгілік ел» құндылықтар идеясы: «Адамның басты байлығы – денсаулық» Гигиена сақтау; Уақытылы дәрігерге қаралу
Пәнаралық байланыс:	Анатомия, физиология, гинекология, урология
Бастапқы білім:	8.2.1.1. Жануарлардың көбею тәсілдерін салыстыру «Доп лақтыру» әдісі

### Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (5 минут)	Психологиялық ахуал қалыптастыру «Өрмекші торы» әдісі арқылы оқушылар бүгінгі күнгі сабаққа бір-біріне жақсы тілектер айтады. «Жұбыңды тап» ойыны арқылы әр оқушының арқасына өсімдіктердің, жануарлардың, адамдардың есімдері жазылады. Оқушылар сынып ішін аралап жүріп өз сыңарларын тауып топқа бөлінеді. Алдыңғы білімді шолу «Доп лақтыру» әдісі арқылы өткен тақырыпты пысықтау арқылы жаңа тақырыпқа қадам басу, оқушыларға сұрақтар қоя отырып, диалогқа түсіру. Үш шапалақ арқылы бағалау М (сабақтың оқу мақсатын түсіндіреді)	Жіп, қима қағаздар

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
<p>Сабақтың ортасы (30 минут)</p>	<p>ТЖ №1 Үш топ «Фотокөрме» стратегиясы арқылы оқушылар мәтінмен жұмыс жасайды. Мәтінді оқып болған соң адамның аталық және аналық жыныс жүйесі мүшелерін сипаттау үшін суретке сәйкес келетін сөздерді табады. Ер адам мен әйел адамның жыныс мүшелерінің құрылысы суреттері беріледі. Берілген суреттер:</p>  <p>ТЖ №2 «Жұбын тап» әдісі Әр топқа жауабы мен сұрағы бар қағаздар таратылады. Оқушылар топ ішінде ер адамның жыныс бездері мен әйел адамның жыныс бездері қызметін талдау үшін сәйкес сұрақпен жауапты іздейді, сәйкестендіреді.</p> <p>Таратылатын қағаздар:</p> <p>1 топ: 1. Жыныс бездері қандай бездерге жатады? / аралас бездерге 2. Жыныстық мүшелер жүйесіне жатады? / аталық және аналық 3. Сыртқы аталық мүшелеріне жатады? / ұма және жыныстық мүше 4. Ішкі аналық мүшелеріне жатады? / екі аналық без, жатыр, екі жатыр түтігі, қынап</p> <p>2 топ: 1. Аталық бездер қай жерде орналасқан? / терілі қалтада ұманың ішінде 2. Ішкі аталық жыныс мүшелеріне жатады? / Аталық бездер, оның қосалқы бөлімдері (шәует шығаратын түтік, ұрықтық көпіршіктер, қуықасты безі) 3. Аналық бездердің пішіні? / сопақша, ұзындығы 3-4 см 4. Аналық бездер көптеген безді көпіршіктерден яғни нелерден түзілген? / фолликулалардан</p> <p>3 топ: 1. Аталық бездер неше түрлі қызмет атқарады? / екі 2. Сыртқы аналық мүшелеріне жатады? / үлкен, кіші жыныстық жапсарлар және шүртекей (клитор) 3. Қуықтың артқы тұсында жамбас қуысында орналасқан алмұрт пішінді бұлшықетті мүше? / жатыр 4. Аталық без (ен) нешеу, салмағы? / екеу, мөлшері 4-6 см, салмағы 15-30 гр</p> <p>Бағалау критерийі Дескриптор Балл Адамның аталық және аналық жыныс жүйесі мүшелерін сипаттау Адамның аталық жыныс жүйесі мүшелерін сипаттады 1 Адамның аналық жыныс жүйесі мүшелерін сипаттады 1 Ер адамның жыныс бездері мен әйел адамның жыныс бездері қызметін талдау Ер адамның жыныс бездерінің қызметін талдайды 1 Әйел адамның жыныс бездерінің қызметін талдайды 1 Барлығы 4</p> <p>ЖТ №3 Синквейн әдісі (қабілеті жоғары оқушыға берілетін тапсырма) арқылы «Денсаулық» сөзіне 5 жолды өлең құрастырады 1. Денсаулық 2. Мықты, қымбат 3. Сатылмайды, құртылады, қалпына келмейді 4. Денсаулық – адамның басты байлығы 5. Өмір</p> <p>Мадақтау</p>	<p>Н.Г.Асанов, А.Р.Соловьева, Б.Т.Ибраимова, 9 сынып оқулық Алматы «Атамұра» 2019, 218-223 беттер. Сілтеме: <a href="http://expert.atamura.kz/kz/books/556#page/2">http://expert.atamura.kz/kz/books/556#page/2</a> Суреттер</p>

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың соңы	<p>ПТМС формуласын қолдану арқылы талдап, қорытынды жасаңыз. Позиция «менің ойымша?» Түсіндіру (себебі...) Мысал (мұны мынадай мысал арқылы дәлелдей аламын...) Салдар (қорытынды жасаймын...) Сабақ уақытында оқушыларды ынталандыру мақсатында оларды қолдап, мадақтап отырамын.</p> <p>«Жарайсың! Керемет! Тамаша!»</p>  <p>Оқушылардың бүгінгі сабақта алған білімдерін анықтау мақсатында «Кері байланыс кемесі» әдісі арқылы рефлексия аламын.</p> 	Қима қағаздар